

Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін дайындау, ресімдеу және келісу жөніндегі нұсқаулықты (заңдық техника) бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 25 қыркүйектегі N 142 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 27 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 1985. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 25 қыркүйектегі N 256 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 25 қыркүйектегі N 256 бұйрығымен .

"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының нормашығармашылық қызметін жетілдіру мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін дайындау, ресімдеу және келісу жөніндегі нұсқаулық (заңдық техника) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін тіркеу және бақылау департаменті осы Бұйрықты жариялауды әрі орталық және мемлекеттік органдардың назарына жеткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Әділет вице-Министрі Р.Ш.Шамсутдиновке жүктелсін.

4. Бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастан қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң
2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 5 қ ы р к ү й е к т е г і
N 1 4 2 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген

Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін дайындау, ресімдеу және келісу жөніндегі нұсқаулық (заңдық техника)

1. Жалпы ережелер

1. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін дайындау, ресімдеу және келісу жөніндегі нұсқаулық (заңдық техника) орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін шығару процесін жетілдіру мақсатында әзірленген.

2. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін (бұдан әрі - нормативтік құқықтық актілер) сапалы әзірлеу, барлық талап етілетін келісімдермен және өзге де материалдармен әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге ұсыну үшін, сондай-ақ мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндердің түпнұсқалылығы үшін осы нормативтік құқықтық актіні әзірлеген мемлекеттік органның бірінші басшысы дербес жауапкершілікте болады.

3. Нормативтік құқықтық актіні келісу мерзімдері бұзылған жағдайда жауапкершілік келісу мерзімдерін бұзуға жол берген мемлекеттік органға жүктеледі.

4. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу заңнамамен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін дайындау және ресімдеу

5. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік органдар қолданыстағы заңнамамен көзделген құзыреті шектерінде әзірлейді және бекітеді.

6. Нормативтік құқықтық актілерде мынадай деректемелер:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы;

2) актінің нысанына нұсқау;

3) осы актінің реттеу мәнін білдіретін тақырып;

4) актіні қабылдау орны мен мерзімі;

5) актінің тіркеу нөмірі;

б) мемлекеттік органның бірінші басшысының не оның міндетін атқаратын т ұ л ғ а н ы ң қ о л ы ;

7) елтаңбалық мөр болуға тиіс.

7. Нормативтік құқықтық актінің негізгі құрылымдық элементі "тармақ" деген сөзбен аталмайтын құқық нормасын қамтитын тармақ болып табылады.

Тармақтарды логикалық кезектілікте маңыздылығы бойынша, сондай-ақ мәселені шешу кезеңдерінің хронологиясын ескере отырып орналастырады.

8. Көлемі бойынша елеулі нормативтік құқықтық актілердің мазмұны бойынша жақын тармақтары тарауларға, ал тараулар, өз кезегінде нормативтік құқықтық актінің бөлігіне біріктірілуі мүмкін.

Мазмұны бойынша жақын бірнеше тарау бөлімдерге біріктірілуі мүмкін.

Ескерту: 8-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 291 бұйрығымен .

9. Нормативтік құқықтық актілердің тармақтары тармақшаларға бөлінуі мүмкін. Тармақтар мен тармақшалардың ішінде абзацтармен бөлінетін бөліктер б о л у ы м ү м к і н .

Мазмұндық біртұтастығы бар, бірінші жолда азат жолмен бөлініп жазылатын және абзацтың кіші әріптен басталатын бөліктің бірінші абзацынан басқа, бас әріптен басталатын мәтіннің бөлігі абзац деп саналады. Абзацтар (бөліктің бірінші және соңғы абзацтардан басқа) нүктелі үтірмен аяқталады.

10. Нормативтік құқықтық актілердің әрбір тармағы, тармақшасы, сондай-ақ тараулары, параграфтары мен бөлімдері, бөлімшелері, бөліктері араб цифрларымен н ө м і р л е н е д і .

Нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерінде абзацтарды дефистермен немесе өзге де белгілермен белгілеуге жол берілмейді.

Ескерту: 10-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 291 бұйрығымен .

11. Тармақтарды, тараулар мен бөлімдерді нөмірлеу барлық актінің басынан аяғына дейін реттеліп жасалады.

Тармақшаларды нөмірлеу әрбір тармақ үшін дербес болып табылады.

Сондай-ақ нормативтік құқықтық актінің әрбір тарауындағы параграфтың нөмірленуі және әрбір бөлімдегі бөлімшелердің нөмірленуі басынан аяғына дейін реттеліп жасалмайды, дербес болады.

12. Тармақтарда тармақшалардың нөмірлері жақшамен жабылған араб цифрларымен мынадай болып көрсетіледі: 1), 2), 3) және т.б.

13. Бір тармақтан тұратын нормативтік құқықтық актіде тармақтың нөмірленуі қажет етілмейді.

14. Нормативтік құқықтық актінің тақырыбында (атауында) қабылданатын нормативтік құқықтық акт реттейтін мәні көрсетілуге және қысқа болуға тиіс.

15. Нормативтік құқықтық актінің атауында сөзді тасымалдауға жол б е р і л м е й д і .

Нормативтік құқықтық актінің негізгі түрінің атауы мемлекеттік тіркеудің тиісті мөрі үшін оң жағында орын қалдыра отырып, парақтың жоғары бөлігінің сол жағында орналасуға тиіс.

16. Бұрын қабылданған актіге өзгерістер мен толықтыруларды енгізу көзделетін нормативтік құқықтық актінің атауында актінің нысанына, қабылданған күніне, нөміріне, атауына сілтеме (көрсетілген кезектілікпен) қ а м т ы л у ы к е р е к .

Ескерту: 16-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 291 бұйрығымен .

17. Нормативтік құқықтық актіні қабылдаудың мақсаты мен негіздерін, оның алдында тұрған негізгі міндеттерді түсіндіру қажет болған жағдайда құқық

нормаларын баяндаудың алдынан кіріспе бөлім (преамбула) беріледі.

Нормативтік ережелер нормативтік құқықтық актінің кіріспе бөлігіне кірмейді.

Нормативтік құқықтық актінің кіріспесінде оларды іске асыру үшін қабылданатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерге және бұрынғы актілерге сілтеме келтірілуі мүмкін.

Ескерту: 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 291 бұйрығымен.

18. Қолайлы пайдалану үшін нормативтік құқықтық актінің әрбір тарауының, бөлімінің, бөлігінің, сондай-ақ тарауларының параграфтары мен бөлімдері бөлімшелерінің қысқа тақырыптары болуы мүмкін.

Ескерту: 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 291 бұйрығымен.

18-1. Тараулардың, бөлімдердің, бөліктердің, параграфтар мен бөлімшелердің тақырыптары алдыңғы мәтіннен екі, ал кейінгі мәтіннен - бір жоларалық интервалдармен бөлінеді.

Ескерту: 18-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 291 бұйрығымен.

19. Нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері нақты тұжырымдалуға және түзетулерсіз біртұтас қаріппен басылуға тиіс.

20. Нормативтік құқықтық актілердің мәтіні әдеби тіл мен заң терминологиясының нормалары сақталып баяндалуға тиіс, сөйлемдері өте ықшам және нақты және әр түрлі түсінік беруге жатпайтын болу керек. Ескірген және көп мағыналы сөздер мен сөйлемшелерге, эпитеттерге, метафораға, қысқартылған сөздерге жол берілмейді. Тармақтың мәтіні басқа тармақтарда қайталанбайды.

21. Нормативтік құқықтық актінің мәтіні мағыналық және құқықтық жүктемесі жоқ декларациялық сипаттағы ережелерді қамтымауға тиіс.

22. Нормативтік құқықтық актілердегі тапсырмалар оны шығаратын органға бағынысты мемлекеттік органдарға не қажет болған жағдайда олардың басшыларына жолдануға тиіс.

Оған (олардың басшыларына) бағынысты емес өзге де мемлекеттік органдарға қатысты нормативтік құқықтық актілердегі тапсырмалар ұсынымдық нысанда және олармен келісім бойынша баяндалуға тиіс.

Ескерту: 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 291 бұйрығымен.

23. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде мемлекеттік орган мен өзге де ұйымдардың атаулары ресми атауға толық сәйкес және барлық мәтін бойынша бірдей баяндалады.

Қысқартудың не аббревиатураның мағынасын ажыратып, мәтіннің қарапайым және ықшам жазылуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың атауларын қысқартуға жол беріледі.

Ескерту: 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 291 бұйрығымен .

24. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде тақырыптан, тараулардың, бөлімдердің, бөліктердің, параграфтардың, бөлімшелердің, атауларынан, " БІРЛЕСКЕН ҚАУЛЫ", "БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ (ШЕШІМ)", "ҚАУЛЫ және БҰЙРЫҚ (ШЕШІМ)", "БҰЙЫРАМЫН (МЫЗ)", ("ШЕШЕМІН (МІЗ)", "ҚАУЛЫ ЕТЕДІ (МІЗ)", көзге айқын түсетін әріптермен терілген қол қоятын адамның лауазымы, аты мен тегінің бірінші әріптерінен басқа жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін бөлуге және астын сызып көрсетуге жол берілмейді.

"БҰЙЫРАМЫН (МЫЗ)", "ШЕШЕМІН (МІЗ)", "ҚАУЛЫ ЕТЕДІ (МІЗ)" деген сөз бас әріптермен жазылады және оны тасымалдауға тыйым салынады.

Ескерту: 24-тармаққа толықтырулар, өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 291 бұйрығымен .

25. Нормативтік құқықтық актіде уақытша органның жеке құрамы (комиссия, жұмыс тобы) бекітілген жағдайда олардың жұмысына қатысатын адамдардың тегі, аты, әкесінің аты мен лауазымдары толық жазылады.

26. Қажет болған жағдайда нормативтік құқықтық актіде жоғары деңгейдегі актілердің баптарына (тармақтарына) сілтемелер келтірілуі, сондай-ақ осындай актілерге сілтемемен қатар, жоғары деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің нормаларынан жекелеген ережелері көшірілуі мүмкін.

Нормативтік құқықтық актінің тармақтары мен тармақшаларындағы оның басқа тармақтары мен тармақшаларына сілтемелерге құқықтық нормалардың өзара байланысын көрсету не оларды қайталамау үшін жол беріледі.

27. Абзацтарға, жолдар мен сөйлемдерге сілтеме жасаған кезде олардың нөмірленуі реттік сан есіммен (бас әріптен) көрсетіледі, бұл ретте абзацқа сілтеме "абзац" деген сөзді келтірумен жүргізіледі.

28. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде тармаққа, тармақшаға сілтеме олардың реттік нөмірін көрсетумен келтіріледі (оларды көрсету үшін сын есімді қолдануға жол берілмейді).

29. Егер нормативтік құқықтық актінің мәтінінде нормативтік құқықтық актіге сілтеме болған жағдайда, оның нысаны, қабылдау күні, тіркеу нөмірі, атауы көрсетіледі. Әділет органдарында тіркелген нормативтік құқықтық актіге сілтеме жасалған кезде, Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі (көрсетілген кезектілікпен) қосымша көрсетіледі.

Заңнама кесімдеріне сілтеме жасалған кезде нөмірі мен күнін көрсету талап е т і л м е й д і .

Ескерту: 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 291 бұйрығымен .

30. Егер нормативтік құқықтық актінің мәтінінде дәл сол нормативтік құқықтық актіге бірнеше сілтеме келтірілсе, актінің толық атауы оған кейінгі сілтемемен көрсетіледі.

31. Егер нормативтік құқықтық актінің мәтінінде қосымшаға сілтеме жасалса, онда нормативтік құқықтық актіге бір қосымша болған жағдайлардан басқа осы қосымшаның нөмірі көрсетіледі.

32. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде күнін белгілеген кезде айдың атауы қолданылады, ал жылы толық көрсетіледі, мысалы: "1976 жылғы 24 қазан"

33. Тиісті нұсқаулар көрсету мәтінде норманың мазмұнына зиян келтірмей баяндау мүмкін болмаған жағдайларда нормативтік құқықтық актінің нормаларына ескертулерге жол беріледі.

34. Нормативтік құқықтық актінің парағының теріс жағына қандай да болсын жазуларға немесе қол қоюға жол берілмейді.

35. Нормативтік құқықтық актілердің негізгі түрінің бірімен кемінде үш туынды нормативтік құқықтық акт бекітіле алады.

35-1. Бірнеше мемлекеттік органдар қабылдайтын нормативтік құқықтық актілер ресми бланкілердің қолданылуынсыз бірлескен актілер түрінде ресімделеді .

Осы актілер осы Нұсқаулықтың 6-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс .

Екі және одан да көп тең мемлекеттік органдар әзірлеген бірлескен актіні ресімдеу кезінде, осы органдардың ресми атаулары алфавиттік тәртіппен орналасады. Екі және одан да көп әр түрлі деңгейдегі мемлекеттік органдар әзірлеген бірлескен актіні ресімдеу кезінде, ресми атаулар сатылық азаюына сәйкес орналасады .

Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы осы жағдайда, бірінші парақтың үстіңгі бөлігінің ортасында орналасуға тиіс. Қабылдау орны мен күні, сондай-ақ тіркеу нөмірі әр мемлекеттік органның ресми атауының астына орналастырылуға тиіс .

Мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының, не олардың міндеттерін атқарушы адамдардың қолдары негізгі нормативтік құқықтық акті мәтінінің соңына, осы тармақтың үшінші абзацында көрсетілген талаптарды ескере отырып, орналастырылады және елтаңбалық мөрмен куәландырылады.

Нормативтік құқықтық актіні екі немесе одан да көп мемлекеттік орган қабылдаған жағдайда, шешімі қаулылар түрінде ресімделсе, онда актінің нысаны "БІРЛЕСКЕН ҚАУЛЫ" деп көрсетіледі.

Екі немесе одан да көп мемлекеттік орган қабылдайтын нормативтік құқықтық актілердің шешімдері бұйрықтар (шешімдер) түрінде ресімделсе, онда актінің нысаны: "БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ (ШЕШІМ)" деп көрсетіледі.

Егер нормативтік құқықтық актіні біреуінің шешімі қаулы ретінде, ал екіншісінің шешімі бұйрық (шешім) ретінде ресімделетін екі немесе одан да көп мемлекеттік орган қабылдаса, онда актінің нысаны: "ҚАУЛЫ және БҰЙРЫҚ (ШЕШІМ)" деп көрсетіледі.

Ескерту: 35-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 291 бұйрығымен .

36. Нормативтік құқықтық актілер осы Нұсқаулықтың қосымшасына сәйкес нысан бойынша негіздеме-анықтаманы қоса бере отырып, мемлекеттік органның бірінші басшысының не оның орынбасарының қойылған қолы бар ілеспе хатпен мемлекеттік және орыс тілдерінде тіркеуші органға ұсынылады.

Ескерту: 36-тармаққа толықтыру енгізілді- ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 291 бұйрығымен .

3. Күші жойылды ден тану және өзге де нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актілерді дайындау және ресімдеу

37. Дәл сол нормативтік құқықтық актілерге енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар бір тармақта немесе тармақшада көзделеді.

38. Бұрын қабылданған актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді, сондай-ақ олардың күші жойылды деп тануды көздейтін нормативтік құқықтық актілерді дайындаған кезде, осы шешім, бекіту күні, нөмірі аталғаннан кейін нормативтік құқықтық актінің мәтінінде жақшада ол Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген күнін, ресми жарияланған күні мен басылымның атауы, осы актіге өзгерістер мен толықтырулар енгізілген барлық нормативтік құқықтық актілер көрсетіледі.

39. Қабылдау (шығару) күніне қарай бұрын қабылданған нормативтік құқықтық акт жарияланбаған жағдайда осы актінің күні, нөмірі мен атауы ғана көрсетіледі.

40. Кемінде үш нормативтік құқықтық акт өзгерген және толықтырылған кезде, бөлек қосымшалармен ресімделетін тізбелер жасалады.

41. Нормативтік құқықтық актіге немесе оның құрылымдық бөлігіне осындай мәтін мазмұнының жартысынан асатын көлемде өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезінде, оның жаңа редакциясы қабылданады.

Ескерту: 41-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 291 бұйрығымен .

Ескерту: 42-тармақ алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 291 бұйрығымен .

43. Қолданыстағы нормативтік құқықтық актіге құрылымдық қосымша бөліктерді қосу кезінде олар: 8-1) тармақша, 2-1-тармақ, 4-1-тарау және одан әрі актінің құрылымдық бөлігінің нөмірлерін қайталайтын қосымша нөмірлер р е т і н д е қ о с ы л а д ы .

Егер тармақшаларының нөмірлері соңғы, ал нормативтік құқықтық акті тармақтары мен тарауларының нөмірлері аяқтаушы нөмірлер болып табылса, онда қосымша қосылатын құрылымдық бөліктерге келесі нөмірлер беріледі.

Ескерту: 43-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 291 бұйрығымен .

44. Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін актілердің тізбесіндегі, сондай-ақ күші жойылды деп танылған актілердің тізбесіндегі де барлық актілер оларды шығару (қабылдау) күні бойынша хронологиялық тәртіппен орналасады.

45. Нормативтік құқықтық актіні қабылдаған кезде қолданыстағылардың орнына соңғылары сол актімен жойылуға (толық немесе бөлігінде) қойылады.

Нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп танылған кезде нормативтік құқықтық актілердің барлығының не осы актіге өзгерістер мен толықтырулар енгізілген олардың бөліктерінің бір уақытта күші жойылды деп т а н ы л а д ы .

Егер нормативтік құқықтық акт Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өтпесе, күші жойылды деп таныла алмайды. Қажет болғанда, мұндай нормативтік құқықтық актілер жойылуы мүмкін.

Ескерту: 45-тармаққа толықтырулар енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 291 бұйрығымен .

46. Қолданыстағы нормативтік құқықтық актінің құрылымдық бөлімшелерінің күшін жойған кезде осындай бөліктер қолданыстағы актіден алынып тасталады, бірақ олардың нөмірлері сақталады және бұдан әрі қ о л д а н ы л м а й д ы .

Сақталған нөмірге актінің (оның бөлігінің) күші жойылды деп тану туралы актіге сілтеме қосылады. Сақталған құрылымдық бөліктердің нөмірленуі с а қ т а л а д ы .

Ескерту: 46-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 291 бұйрығымен .

47. Егер жойылуға бұрын қабылданған бірнеше (3 және одан көп) нормативтік құқықтық актілер қойылса, бөлек қосымшамен (тізбемен)

ресімделетін тізбе жасалады.

Тізбелер заңды негізделген және түпкілікті толық болуы керек.

48. Егер нормативтік құқықтық актінің заңды күші толық жойылмаса, ол күші жойылды деп тануға арналған тізбеге қайта қабылданған актіге қарама-қайшы келетін немесе соңғысымен жұтылған бөлігінде ғана қосылады.

Егер көлемі үлкен нормативтік құқықтық актіде тармақтарының елеулі бөлігінің күші жойылуға жатса, онда өзінің күші сақталатын тармақтар туралы ескертпемен барлық акт тізбеге қосылады.

49. Сондай-ақ басқа нормативтік құқықтық актілердің нормаларын қайталайтын және жаңалықты қамтымайтын актілер күші жойылуға жатады.

50. Ресми жарияланған да, ресми жарияланбаған да нормативтік құқықтық актілер жойылуға жатады.

51. Күші толық жойылды деп танылуға жататын қандай да бір нормативтік құқықтық актінің (тармақтың, тармақшаның, абзацтың) редакциясын бірнеше рет өзгерткен жағдайда, тізбеге бұл туралы барлық актілер, соның ішінде редакциясы өзгертілген аралық актілер дербес тармақтар түрінде қосылады.

Ескерту: 51-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 291 бұйрығымен .

52. Нормативтік құқықтық актіге қайшы келетін оның қолданылу саласын, сондай-ақ уақыт және адамдар тобы бойынша оның жекелеген құрылымдық бөліктерінің қолданылу саласын кейін кеңейту туралы немесе онымен сіңірілген барлық актілер тізбеге дербес тармақтар түрінде кіреді.

53. Сондай-ақ жаңа актіні қабылдағанға дейін бұрын іс жүзінде маңызы жойылған дәл сол мәселелер жөніндегі, бірақ күші жойылды деп танылмаған актілер жаңа нормативтік құқықтық актіні шығару сәтіне дейін қолданылған актілермен бірге тізбеге кіреді (тиісінше күші жойылды деп танылуға жатады).

54. Сондай-ақ жалпы нысанда (яғни оларды санамай-ақ) күші жойылды деп танылған осы мәселе жөніндегі актілер күші жойылды деп танылатын актілердің тізбесіне кіреді.

55. Қолданылу мерзімі біткен, уақытша сипаттағы актілер мен нормативтік құқықтық актілердің құрылымдық бөліктері күші жойылды деп танылуға жатпайды.

56. Нормативтік құқықтық актілерде қолданылу мерзімі біткен уақытша сипаттағы нормалармен қатар тұрақты қолданылатын нормалар қамтылған және барлық осы нормалар күші жойылды деп танылуға жататын жағдайда, тізбеге бүкіл мәтін кіреді.

57. Егер нормативтік құқықтық актінің тармағының мәтінінде күші жойылды деп танылуға жататын қосымшаға сілтеме қамтылса, онда тізбеге осы тармақ қана кіреді (жойылуға қойылады), ал қосымша бөлек ескерілмейді.

Егер актінің тармағында қосымшаны бекітумен қатар мағынасы сақталатын басқа да мәселелерге қатысты нормалар қамтылса, ал қосымша толық күші жойылды деп танылуға жатса, онда осы тармақ тізбеге қосымшаға қатысты бөлігінде кіреді, ал қосымша бөлек ескерілмейді.

58. Егер сол немесе өзге акт (оның құрылымдық бөлігі) тізбеге толық кірмесе, жағдайға қарай жекелеген сөйлемдерді, сөздерді, жолдарды және басқаларын айрықшалықпен, толықтырумен немесе ауыстырумен шектелмей, оның жаңа редакциясын көздеген жөн.

59. Егер жекелеген тармақтар толығымен, ал басқалары белгілі бір бөлігінде ғана күші жойылды деп танылуға жатса, онда алдымен толық күші жойылды деп танылуға жататын тармақтар көрсетіледі.

60. Егер нормативтік құқықтық актімен бұрын қабылданған актінің күші жойылды деп тану көзделген екінші бір нормативтік құқықтық актінің күші толық жойылды деп танылса, соңғысының күші қалпына келтірілмейді.

4. Нормативтік құқықтық актілерге қосымшаларды ресімдеу

61. Нормативтік құқықтық актінің құрылымына қосымшалар кіруі мүмкін.

62. Нормативтік құқықтық актіге графиктерді, кестелерді, тәсімдерді, карталарды, тізбелерді және басқаларын қосу қажет болған жағдайда, олар бөлек қосымшалармен ресімделеді.

63. Туынды нормативтік құқықтық актінің не қосымшаның бірінші парағының жоғарғы оң бұрышында сол арқылы ол қабылданған негізгі нормативтік құқықтық актінің нысанына, бекітілу күніне, тіркеу нөміріне нұсқау қ а м т ы л у ғ а т и і с .

Егер нормативтік құқықтық актіге бірнеше қосымша болған жағдайда қосымшаның жоғарғы оң бұрышында оның реттік нөмірі, сондай-ақ тиісті актінің нысаны, бекітілу күні, тіркеу нөмірі көрсетіледі.

Егер нормативтік құқықтық актінің негізгі мәтінінде мынадай сілтеме к е л т і р і л с е :

1, 2, ... -қосымшаға не (1, 2, ... -қосымша) сәйкес, онда қосымшаның жоғарғы оң бұрышында мынадай болып жазылады:

1998 жылғы _____ N _____
нормативтік құқықтық актіге

1, 2... -қосымша

(қоса беріліп отырған) ... ереже, ... нұсқаулық бекітілсін, онда қосымшаның жоғарғы оң бұрышында мынадай болып жазылады:

1998 жылғы _____ N _____

нормативтік құқықтық актімен

бекітілген

Егер бөлек қосымшамен ресімделетін туынды актілерге қосымшалар болса, онда оның жоғарғы оң бұрышында мынадай көрсетіледі:

Туынды нормативтік құқықтық актіге
1, 2,... -қосымша

Ескерту: 63-тармаққа өзгертулер, толықтыру енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 291 бұйрығымен .

64. Қосымшаның тақырыбы ол қабылданған негізгі актінің мәтініне сәйкес болуы тиіс.

5. Нормативтік құқықтық актілерді келісу

65. Нормативтік құқықтық актіні мүдделі мемлекеттік органдармен келісу олардың құзыретіне сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте нормативтік құқықтық актіні келісудегі мүдделілік қаралатын мәселелердің мәніне негізделі отырып, б е л г і л е н е д і .

Ескерту: 65-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 291 бұйрығымен .

66. Келісуге нормативтік құқықтық актінің туынды түрі де, ол бекітілген негізгі нормативтік құқықтық акт те ұсынылады.

Туынды нормативтік құқықтық актінің барлық парақтарына оны келісуге жіберген мемлекеттік органның заң қызметінің (мұндай қызмет болмаған жағдайда заң консультанты) басшысы қол қояды.

Егер негізгі нормативтік құқықтық актінің мәтіні екі парақтан асатын болса, қол қою негізгі актіде де жүргізіледі.

67. Нормативтік құқықтық акт келісуге мемлекеттік органның басшысының не оның орынбасарының қойылған қолымен ұсынылады.

68. Нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік органдарда келісу мерзімі 5 жұмыс күнінен аспауға тиіс, мерзім нормативтік құқықтық актінің осы мемлекеттік органға келіп түскен күнінен басталады.

69. Нормативтік құқықтық актіні қарау нәтижелері бойынша келісуші орган әзірлеушіге бірінші басшы не оның орнындағы адамның қойылған қолымен мынадай жауаптардың нұсқаларын ұсынады:

нормативтік құқықтық акт ескертулерсіз келісілді (нормативтік құқықтық актідегі б ұ р ы ш т а м е н) ;

нормативтік құқықтық актіні келісуден бас тартылды (негізделген бас т а р т у д ы ң қ о с ы м ш а с ы м е н) .

Мемлекеттік органның нормативтік құқықтық акт бойынша ескертпелері түпкілікті және жазбаша нысанда ұсынылуға тиіс.

70. Нормативтік құқықтық актілерді қайта келісу 5 жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

71. Республикалық бюджеттің кірістерін қысқарту немесе шығыстарын ұлғайту көзделетін нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен келісу міндетті болып табылады.

Ескерту: 71-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 291 бұйрығымен.

72. Нормативтік құқықтық актіні келісу келісуші мемлекеттік органның бірінші басшысының не оның орынбасарының бұрыштамасымен ресімделеді және мөрмен куәландырылады.

Бұрыштама орган басшысының немесе оның орынбасары лауазымының атауын, қол қоюшының жеке қолын, ажыратып жазылған қолын, күні мен елтаңбалық мөрді қамтиды.

Келісу грифі нормативтік құқықтық актінің негізгі түрінің соңғы бетінде сол жақ астыңғы бұрышына орналасады және "КЕЛІСІЛДІ" деген сөзден тұрады.

Нормативтік құқықтық актіні екі немесе одан да көп мемлекеттік орган келіскен жағдайда, келісу грифтері әліпбилік тәртіппен орналасады. Нормативтік құқықтық актілерді әр түрлі деңгейдегі бірнеше мемлекеттік органдар келіскен жағдайда, келісу грифтері осы органдардың сатылық азаюына сәйкес орналасады.

Ескерту: 72-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 291 бұйрығымен.

73. Белгіленген тәртіппен мемлекеттік органмен келісілген нормативтік құқықтық актіге түзетулер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

74. Келісуші мемлекеттік органның заң қызметінің (мұндай қызмет болмаған жағдайда заң консультанты) басшысы келісілген нормативтік құқықтық актіге Нұсқаулықтың 66-тармағында көзделген тәртіппен әрбір параққа қол қояды.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2002 жылғы 25 қыркүйектегі
N 142 бұйрығымен бекітілген
Орталық және жергілікті
мемлекеттік органдардың нормативтік
құқықтық актілерін дайындау,
ресімдеу және келісу жөніндегі
нұсқаулыққа (заңдық техника)

қосымша

Ескерту: Қосымшамен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 291 бұйрығымен.

Нормативтік құқықтық актіге негіздеме-анықтама
(нысаны, бекітілу күні, тіркеу нөмірі және толық атауы)

N	Жобада көрсетілуі тиіс	Мемлекеттік органның ақпараты
Мәліметтердің тізбесі		
1.	Нормативтік	құқықтық актінің
	атауы	
2.	Нормативтік	құқықтық актіні
	нормативтік	құқықтық актінің
	тиісті нормасына	сүйене отырып,
	қабылдау	қажеттілігі
	(органның құзыреті)	
3.	Нормативтік	құқықтық актіні
	қабылдау	қажеттілігінің негізі
	(нақты	мақсаттары,
	және акт	себептері
		байланысты
	қабылданды)	
4.	Осы	бойынша
	мәселе	бұрын
	қабылданған	нормативтік
	құқықтық	актілер
	құқықтық	және
	байланысты	нормативтік
	немесе	олардың
	күші	өзгергені
	жойылды	деп
		танылғаны
	туралы мәліметтер	
5.	Осы	бойынша
	мәселе	бұрын
	қабылданған,	оларды
	тіркеуден	бас
	нормативтік	тартылған
		құқықтық
		актілер
	туралы мәліметтер	
6.	Осы	құқықтық акт
	нормативтік	(республикалық,
	мемлекеттік	бюджет
	жергілікті)	кірісінің
	азаюын	немесе
		шығысының
	көбеюін көздейме	
7.	Нормативтік	құқықтық актіні
	мүдделі	мемлекеттік

о р г а н д а р м е н к е л і с у
қ а ж е т т і л і г і

*Мемлекеттік орган заң
қызметінің бастығы
(заңгер консульт)*

(мемлекеттік органның басшысы) _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК